

Арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын ресімдеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 қазандағы № 1190 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 24 қарашадағы
№ 941 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.11.2015 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 222 бұйрығы

«Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын ресімдеуге қойылатын талаптар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қ а з а қ с т а н	<i>К. Мәсімов</i>
Ү к і м е т і н і ң	Р е с п у б л и к а с ы
2 0 1 1	ж ы л ғ ы
№	1 1 9 0
бекітілген	қ а у л ы с ы м е н
	1 3
	қ а з а н д а ғ ы

Арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Осы арнайы экономикалық аймақты құру тұжырымдамасын ресімдеуге қойылатын талаптар «Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 21 шілдедегі

Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленді және арнайы экономикалық аймақты (бұдан әрі - АЭА) құру тұжырымдамасын әзірлеу кезінде АЭА құруға мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдар, заңды тұлғалар п а й д а л а н ы л а д ы .

2. АЭА құру тұжырымдамасын ресімдеу мына талаптарға сәйкес болуы тиіс: құру мақсатының мазмұны, орналасқан жері, қызметінің басым түрлері, АЭА-ның әлеуетті қатысушылары туралы ақпарат, тиісті өңірдің ағымдағы экономикалық ахуалын және АЭА құрудың экономикаға болжамды әсерін талдау сияқты мәліметтерді қамтиды.

2. Тұжырымдаманың құрылымы

3. Тұжырымдаманың құрылымы мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1) к і р і с п е ;
- 2) АЭА-ның географиялық орналасуы;
- 3) АЭА құру мақсаттары мен міндеттері;
- 4) өңірдің ағымдағы экономикалық ахуалын және әлемдік экономиканы т а л д а у ;
- 5) АЭА қызметінің басым түрлері;
- 6) АЭА-ға әлеуетті қатысушылар;
- 7) АЭА құрудың өңір экономикасына позитивті әсері.

4. «Кіріспе» деген бөлімде АЭА-ның атауы мен АЭА құру негіздемесі с и п а т т а л а д ы .

5. «АЭА-ның географиялық орналасуы» деген бөлімде орналасқан жердің алаңы және 1:20000 және 1:100000 ауқымда АЭА құру жоспарланатын жер учаскелерінің жағдайын сипаттайтын картографиялық схемалар көрініс табады.

6. «АЭА құру мақсаттары мен міндеттері» деген бөлімде АЭА-ның географиялық жағдайымен, қолда бар табиғи және еңбек ресурстарымен, шетелдік инвесторлардың ықтимал мүдделерімен және АЭА-ны дамыту үшін қажетті экономикалық, әлеуметтік және географиялық факторлармен байланыстырылған, құрылатын АЭА-ның мақсаттары мен міндеттері көрсетіледі.

7. «Өңірдің ағымдағы экономикалық ахуалын және әлемдік экономиканы талдау» деген бөлімде мыналар көрсетіледі:

АЭА құру болжанған өңірдің негізгі әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері; инфрақұрылыммен қамтамасыз етілгендігі, инвестициялық құрамдас бөліктері және АЭА-ның болжамды орналасатын жерін сипаттайтын өзге де к ө р с е т к і ш т е р і ;

басым қызмет түрлері бойынша өңір саласының ағымдағы жай-күйін талдау; құрылатын АЭА қызметінің басым түрлерімен байланыстыра отырып,

әлемдік экономиканың ағымдағы жай-күйін талдау;
АЭА-ны орналастырудың негізгі алғышарттары мен өңірдің бәсекелестік географиялық және экономикалық артықшылықтары.

8. «АЭА қызметінің басым түрлері» деген бөлімде АЭА аумағында жүзеге асырылатын АЭА-ны құру мақсаттарына сай келетін қызметтің негізгі түрлері көрсетіледі.

Бұл бөлімде АЭА аумағындағы осы немесе өзге де қызметті жүзеге асыру орындылығының нақты негіздемелері келтіріледі.

9. «АЭА-ның әлеуетті қатысушылары» деген бөлімде АЭА аумағында қызметті жүзеге асыруға үміткер ұйымдардың ұйымдық-құқықтық нысаны, сондай-ақ меншікті өндірісінің, қызметтің басым түрлері бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы көрсетіледі.

10. «АЭА құрудың өңір экономикасына позитивті әсері» деген бөлімде АЭА-ның жұмыс істеуінің болжамды нәтижелері жазылады.

Бұл нәтижелер АЭА құру мақсатына қол жеткізу нәтижелері және АЭА құру болжанған аумақтағы өңірдің ерекшелігі негізге алына отырып, жазылады.